

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ
АКАДЕМИЯСЫ**

Кәсіби-психологиялық даярлық және ПО басқару кафедрасы

**«ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы» пәні байынша
ГЛОССАРИЯ**

Қарағанды, 2023

КІРІСПЕ

Кез-келген іс-әрекетте моральдық проблемалар мен қайшылықтар туындауы мүмкін. Адамгершілік талаптары жоғары мамандықтардың ерекше тобы бар. Бұл, ең алдымен, адам объектісі болып табылатын мамандықтар. Кәсіби қызмет субъектілеріне осы жоғары моральдық талаптарды бекіту үшін олар анттарда, жарғыларда, ережелерде бекітілген "моральдық кодексті" жасайды. Әдетте дәрігердің, мұғалімнің, заңгердің, офицердің, журналистің этикасы ерекшеленеді. Осыған байланысты, осы мамандықтардың өкілдері үшін моральдық нормаларды білу ғана емес, сонымен қатар өз қызметінде моральдық принциптерді жүзеге асыру мүмкіндігі де маңызды.

Деонтологиялық сипаттағы Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби этикасы ерекше орын алады. Бұл дегеніміз, қызметкерлерге қойылатын моральдық талаптар қатаң түрде міндетті болып табылады және әкімшілік санкциялармен қамтамасыз етіледі, мысалы, этикалық кодекстер, бұйрықтар, нұсқаулықтар, мінез-құлық пен қарым-қатынас формаларын анықтайтын тәртіптік жарғылар.

"ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы" пәні бойынша глоссарий – бұл екі бөлікті біріктіретін курс-моральды сипаттайтын және түсіндіретін теориялық және моральға үйрететін, яғни белгілі бір моральдық түсініктер мен принциптерді сiңiрелдi.

"ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы" глоссарий ҚДФ курсанттарының кәсіби этиканың теориялық мәселелерімен, атап айтқанда, Құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдгерлік қызметі қызметкерлерінің Әдеп кодексін бекіту туралы кодексінің ережелерімен, қызметтік этикетпен, ұжымдардағы мүдделер қақтығысын реттеумен, сондай-ақ ПО жеке құрамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақтылығының аспектілерімен таныстырады.

А

Адамгершілік нормалар-таптардың, топтардың халықтың ұлттық ұғымымен жақсылық, зұлымдық туралы қоғамда қалыптасқан әлеуметтік нормалардың бір түрі.

Ақпарат-басқарудың бөлінбейтін бір бөлігі болып табылады. Ақпараттың арқасында мемлекеттік басқару жүйесі қоғамдық құбылыстарға тиімді әсер ете алады. Ақпараттың көмегімен мемлекеттік басқару жүйесі сыртқы ортамен бірге әрекет етеді.

Аттестаттау- мемлекеттік әкімшілік қызметшілер, олардың кәсіби даярлығы, құқықтық мәдениетті, азаматтармен жұмыс істеу қабілеті деңгейін анықтау мақсатында өткізіледі. Аттестаттауды жүргізудің тәртібі мен талаптарын уәкілетті органның ұсынуы бойынша Республика Президенті бекітеді.

Азаматтық қоғам-адамның тіршілік болмыстағы жағдайларын, тұлғалармен әлеуметтік топтардың алуан түрлі қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастардың заңда көрсетілетін және көрсетілмеген құрылымдарының жиынтығы.

Атқарушы билік-мемлекеттік басқару, атқару қызметтерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесі.

Адам құқығы-бұл адамның еркін өзін-өзі анықтауы мен еркін өмір сүруінің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени және өзге де мүмкіндіктері.

Ә

Әдептік нормалар-адамның ар-ұятын, намысын қалыптастырып, сол арқылы қоғамдық тәртіп орнатуға негіз болатын, құқықтық сипаты болмайтын әлеуметтік нормалардың бір түрі.

Әкімшілік процедуралар қағидалары- заңдылық, төмен тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жоғары тұрғандарына бағыныстылығы; барлығының сот пен заң алдындағы теңдігі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы; азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарастырғандағы бюрократизм мен сарсаңға салуға жол бермеу және т.б. тұрады.

Әрекеттердің бағдарламаларын әзірлеу-мақсатқа жетудің жолдары мен құралдарын таңдауға байланысты алдын-ала жұмыс аяқталғаннан кейін алдағы әрекеттерді әзірлеуге байланысты бағдарламаны дайындау сатысы басталады.

Әлеуметтік билік- адамдарды басқару әдісі, қоғамдық ұйымдастыру құралы, қоғамдағы ұйымдастырушылық пен тәртіп факторы.

Әрекет қабілеттілік- құқық субъектілерінің әрекеттерімен құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өз үшін міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттігі.

Б

Басқарушылық шешімді қабылдау- бұл басқарушылық циклдің негізгі сатысы. Онда басқарушылық процесстің барлық мәні шоғырланған және әр түрлі процедураларды қосады.

Біліктілік талаптары- мемлекеттік әкімшілік қызметті атқаруға үміткер азаматтарға оның кәсіби даярлығының деңгейін, құзыреттілігін және нақты әкімшілік қызметке сәйкес келуін анықтау мақсатында қойылатын талаптар.

Біртұтас мемлекет- әкімшілік-аумақтық бөліністерден құралатын, толық саяси билігі бар бөлінбейтін біртұтас мемлекеттік құрылым.

Бостандық- тұлғаның өзіне тән шығармашылық мүмкіншіліктерін ашуға, лайықты өмір сүруге мүмкіндіктер беретін, тұлғадан ажырамайтын қасиет.

Г

Гуманизм-қайта өркендеу дәуірінде дін мен феодализм құрсауынан адам баласын босатып, еркін жетілуді мақсат еткен әлеуметтік қозғалыс. Саяси салада адамдардың дұрыс қалыптасуы мен дамуына қажетті әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған саяси көзқарастар, идеялар жүйесін білдіреді.

Ғ

Ғылыми басқару-бәрімізге мәлім белгілі теориялық жалпылауды қамтамасыз етіп қоймай,сонымен қатар, ұсыныстарды қалыптастырады ,ол өз ретінде мемлекеттік аппараттың тәжірибелік қызметке арналса,екінші жағынан, басқарушы кадрлардың квалификациясын жетілдіру және де дайындау жүйесіне арналған.

Ғылыми негіз - басқару жөніндегі қазіргі таңдағы білімдердің жиынтығын айтамыз.Сол білімдер негізінде мемлекеттік органдардың тәжірибелік қызметтері құрылады.

Ғылымның заты дегеніміз- ғылымның зерттейтін мәселелерінің жиынтығы.

Ғылымның зерттеу әдісі дегеніміз-білім алу үшін ғылымда қолданылатын тәсілдер,ережелер және қағидалар жиынтығы.

Ғылыми құқықтық сана- құқықтық теоретикалық негіздерін көрсететін идеялар,түсініктер,конструкциялар.

Д

Даулы жағдай және оның анализі-бұл басқарушылық циклдің сатысы қоғамның дамуының өзекті мәселелерін анықтаумен байланысты.

Демократия-халықты биліктің қайнар көзі ретінде тануға негізделген қоғамдық биліктің үлгісі.

Демократиялық мемлекет- адамның және қоғамның жақсы тұрмыс мүддесі үшін әлеуметтік демократия,әділет негізінде өз органдары,институттары арқылы қоғамның ресми өкілі ретінде қызмет атқарушы саяси егеменді ұйым.

Демократиялық режим- халықтың мемлекетті басқаруға қатысуына барлық адамдардың теңдігі мен бостандығы пайдасы тануға негізделген либералдық режимнің бір түрі.

Деликт қабілеттілік- құқық нормаларында қарастырылған өз істеген құқық бұзушықтары үшін жауапкершілік алып жүру қабілеті.

Е

Егемендік- мемлекеттің, халықтың, ұлттың, адамның саяси тәуелсіздігі. Мемлекеттік егемендік деп шет елдің араласуына жол бермейтін, мемлекеттің ішкі және сыртқы істері мен қатынастарындағы саяси тәуелсіздігі және елді басқаруда, шешімдер қабылдауда, жоғарғы билік жүргізудегі еркіндігін айтады.Егемендіктің саяси, экономикалық, құқықтық ақтары болады.

Ереже-қандайда бір мемлекеттік органның немесе оның құрылымдық бөлімшесінің мәртебесі мен өкілеттігін белгілейтін нормативтік акт.

Ж

Жеке құқық- жанның басқа адамдармен өзара қарым-қатынастарында тұлғаның мүддесін қорғайтын құқық.

Жүйе- әр түрлі көп элементтердің бір қалыпқа келтірілген өзара байланысы және бір тұтастығы.

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі- халықаралық құқық пен Конституция нормаларында көрсетілген жеке тұлғаның құқықтары, бостандықтары мен міндеттері, жеке тұлғаның құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі және азаматтық тәріздес элементтердің жиынтығынан тұрады.

Жалпы құқықтық қатынастар- жеке тұлға мен мемлекет арасындағы құқықтық қатынасты туындататын заңдардан бастау алатын қатынастың бір түрі.

3

Заң ғылымдары- мемлекетті, құқықтық құбылыстарды зерттеп, олардың қоғамдық өмірімен байланыстарын, арақатынасын айқындайтын арнайы білімдер жүйесі.

Заңдылықтар дегеніміз- белгілі бір құбылыстардан маңызы білдіретін шынайы тұрақты қатынастар.

Заң шығарушы билік- заңдар, қабылдау құқығы болатын мемлекеттік органдар жүйесі.

Заң – мемлекеттің жоғарғы өкілдік органы немесе тікелей халықтық (референдум арқылы) дауыс берумен қабылданатын. Қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін реттейтін және жоғарғы заңдық күші болатын нормативтік құқықтық акт.

Заңды ұйым дегеніміз – меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлкімен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктің емес жеке құқықтарын мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым.

Заңдық әрекет -жанның ой пиғылынан тыс заңдық нәтижелердің пайда болуына әкелетін, яғни құқықтық қатынастарды туындататын, өзгертетін немесе тоқтататын әрекеттер.

Заңдылық - мемлекеттік органдарды, лауазымды адамдардың және мемлекеттік емес ұйымдардың, жеке азаматтардың заң нормаларының талаптарын қатар және бұлжытпай сақтауынан, орындауынан, көрінетін мемлекеттік және қоғамдық өмірдің қағидасы, қоғамды мемлекеттік басқарудың әдісі.

Заңдылықтың қағидалары – негіз болатын идеялар, басшылыққа алынатын бастамалар, олар заңдылығының негізіне жатады және оның мәнін білдіреді.

Заңдылықты бұзған үшін жазалаудың болмай қалмайтындығы – заңдылықты бұзудың әрбір фактісі тиісті мемлекеттік – құқықтық баға алуға тиіс және кінәлілер жасалынған әрекетілікке бара-бара жаза тартуға тиіс.

Заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету тәсілдері – атқарушы билік аясында заңдылық пен тәртіпті қолдау мен нығайту жөніндегі мемлекеттік органдарының, лауазымды адамдардың, қоғамдық бірлестіктер, азаматтардың қызметінің құқықтық, ұйымдастыру әдістерінің, нақтылы тәсілдерінің, операцияларының, жұмыс нысандарының жиынтығы.

Заңдылықты кепілдігі – барлық құқықтық субъектілерінің жеке құқықтарын, бостандықтары, заңды міндеттерінің іске асуын қамтамасыз ететін мемлекетте қалыптасқан белгілі бір объективтік және субъективтік жағдай, оларға байланысты айқындалған тәсілдер мен адамдар.

Заңды жауапкершілік – жасалған құқық бұзушылыққа сәйкес қолданылатын, кінәлілер жанның жеке, мүліктік немесе ұйымдастырушылық сипаттағы айырмашылықтарымен байланысты болатын мемлекеттік мәжбүр ету шаралары.

Заңдық тәжірибе (практика) – күзіретті органдардың лауазымды тұлғаларды және азаматтардың заңдық норманы қабылдау және жүзеге асыру барысындағы әрекеті.

Заңдық кепілдіктер – азаматтардың құқықтық мәртебесінің сипаттамасын толықтырады. Жалпы және арнайы кепілдіктер Конституция мен Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңдылығымен анықталған.

И

Идеология – Белгілі бір әлеуметтік топтар, таптар, партиялар және т.б. Мақсаттары мен мүдделері бейнелейтін, үстемдік етіп отырған қоғамдық қатынастарды орнықтыруға немесе оларды өзгертуге қызмет ететін тұжырымдамалардың, пікірлердің, идеялардың жүйесі. Жүйеленген түрінде ол партия бағдарламасында, декларация, манифест жарғыларында, сондай-ақ әр түрлі насихаттық құжаттарда қалыптасады. Ол көпшіліктің саяси санасын қалыптастыруға, саяси өмірде бағыт-бағдар, рухани байлықтарды жүйесін айқындауға, саяси іс-әрекет жолдарын белгілеу және т.б. қызметтерді атқарады, қоғам дамуында зор ықпал етеді.

Инаугурация – мемлекет басшысы (Президент, монарх т.б.) лауазымына отырудың салтанатты рәсімі.

Импичмент – жоғары лауазымды адамдардың қылмыстары туралы, олардың жауапкершілікке тартудың және сотта істерін қараудың ерекше тәртібі.

Императивтік норма деп – қатаң түрде орындауды талап ететін нормаларды айтады. Кадрлар резервін қалыптастыру және олармен жұмысты ұйымдастыру тәртібі уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін мемлекеттік қызметтің кадрлар резерві туралы ережемен реттеледі.

Қ

Қазақстан Республикасының шекарасы дегеніміз - Қазақстан аумағының шегін - құрлығын, суын, жер қойнауын және әуе кеністігі айқындайтын сызық және осы сызық бойынша тігінен өтетін жазықтық. Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылысының жүйесіне мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктер кіреді: ауыл (село), поселк, ауылдық (селолық) округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс.

Құқықтық құрылымдар - мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері белгілі бір заңды салалардың орындалуын тудырады.

Қағида - қандай да бір қызмет түрін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық акт; Қазақстан Республикасының құқықтық реформа мемлекеттік бардарламасын (1994 ж.) орындаудың басты нәтижесі қоғам мен мемлекет дамуының стратегиялық бағыттарын айқындап берген, адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ мемлекеттік институттардың жана жүйесін бекіткен Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы (1995 ж.) болды.

Құқық дегеніміз - адам мен қоғамның жаратылысымен байланысты тұлғаның бостандығын білдіретін, қоғамдық қатынастардың реттейтін, ресми құжаттарда анықталған, үстем таптың еркін білдіретін, мемлекеттің күшімен қамтамасыз етілетін нормалар жиынтығы.

Құқықтық мемлекет дегеніміз - көпшілік - саяси билікті ұйымдастыру мен әрекет етуінің және оның құқық субъектілері ретінде жеке тұлғалармен өзара қатынасының құқықтық үлгісі.

Қоғам - адамдардың өзара әрекеттестігінің жемісін өмірлік құндылықтардың өндіру айырбастау және тұтынумен басланысты болатын адам өмірінің белгілі бір дәрежедегі ұйымдастығын көрсететін күрдері әлеуметтік организм.

Құқықтық мәртебе дегеніміз - азаматтардың Конституцияда орын алған барлық құқықтары мен бостандықтарының және заңды міндеттерінің жиынтығы.

Құқық қабілеттілік- азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті.

Құқық субъектілік- мемлекетпен танылған құқық, құқықтық қатынас субъектісі болу қабілеті (құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттіліктің бірлігі)

Құзырет - ұйымның жалпы құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы.

Құқықтық сана - азаматтардың жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа, басқа да құқықтық құбылыстарға құқық сезімдерінің көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жиынтығы.

Қоғамдық тәртіп - мемлекетте барлық әлеуметтік нормаларды іске асыру арқылы пайда болатын қорамдық қатынастардың жүйесі.

Л

Лауазымды адам - ұдайы, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша үкімет өкілінің міндеттерін жүйеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-үкім берушілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындайтын адам.

Лауазымдық өкілеттік - заңдарда белгіленген құқықтары мен негізгі міндеттері бар мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретін, нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген өкілеттік.

М

Мемлекеттік басқару - ерекше субъектілер тобының (органдардың, лауазымды адамдардың) экономика, әкімшілік-саяси және әлеуметтік - мәдениет аяларына басшылық жасау процесінде міндеттер мен функцияларды іс жүзінде орындаудан тұратын заңға тәуелді, заңдық биліктік, ұйымдастыру қызметі. Мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы объективті шарт ықпалымен және қоғамдық даму фактілерімен, сонымен қатар мемлекеттік басқарудағы субъективтік шарттармен мемлекеттік саясат көп жақты түсінік мемлекет пен қоғамның жағдайын және ішкі процестерін бейнелейді. Мемлекеттің саясаты ауқымы

бойынша бүкіл қоғамды қамтиды, яғни, тіршілік әрекетінің негізгі саласы ретінде танылады, құрылады.

Мемлекеттік басқарудағы заңдылық-бұл басқару қатынастарының барлық субъектілерінің мемлекет аумағында қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актілерді дәл және мүлтіксіз сақтауы мен орындауы.

Мемлекеттік тәртіп- мемлекеттің және оны уәкілетті органдарының белгіленген тәртібі, ол бойынша барлық мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар өздеріне жүктелген мақсаттар мен міндеттерді дер кезінде жеке орындауға тиіс.

Мемлекеттік лауазым-мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілермен белгіленген лауазымдық өкілеттік пен лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелген құрылымдық бірлігі.

Мемлекеттік қызмет-мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің функциялары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі.

Мемлекеттік қызметші- мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен Республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасы ұлттық банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

Мемлекеттік әкімшілік қызмет санаты- мемлекеттік әкімшілік қызметшілер атқаратын, лауазымдық өкілеттіктің көлемі мен сипатын көрсететін әкімшілік лауазымдар жиынтығының саралаушылық сипаттамасы.

Мемлекеттік саяси қызметші-тағайындау (сайлау), босату және қызметі саяси-айқындаушы сипатта болатын және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауап беретін мемлекеттік қызметші.

Мақсатын анықтап алу -бұл саты мемлекеттік басқарудың нақты мақсатын қалыптасуымен байланысты. Мақсатқа жетудің жолдары мен құралдарын таңдау. Мұнда мемлекеттік басқарудың субъектісі алға қойған мақсатқа жету үшін қажетті жолдар мен құралдарды іздеуге байланысты ұйымдастырушылық әрекеттер жасайды.Мемлекеттік басқару саласындағы қатынастар басқару субъектілері- мемлекеттік органдардың ерекше мәртебесімен сипатталады.

Мемлекеттік басқарудың әдісі- басқару субъектісінің басқару объектісіне ыөпал ету тәсілі, амалы, ол басқарудың алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін басқарудың функцияларын іске асыру үшін пайдаланылады.

Мемлекеттік қызметші ретінде- мемлекеттік органдарда заңдарда белгіленген тәртіппен Республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметін атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

Мемлекеттік саяси қызметші-тағайындалуы (сайлануы) босатылуы және қызметі саяси айқындаушы сипатта болатын және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауап беретін мемлекеттік қызметші. Мемлекеттік қызметті өткеру бұл мемлекеттік-қызметтік қатынастардың пайда болуын, өзгертілуін және тоқтатылуын тудыратын өзара байланысты, өзара бір-біріне себепші заңдық айғақтардың жүйесі.

Мемлекеттің егемндігі дегеніміз- мемлекеттік биліктің саяси - құқықтық ерекшелігі, оның ішкі басқа биліктен және шет мемлекеттерден тәуелсіз өз мақсаттарын шешуге құқығы және еріктілігі.

Мемлекет қызметі дегеніміз - қоғам дамуының белгілі бір кезеңіндегі мемлекеттің әлеуметтік мәні мен маңызын, рөлін көрсететін оның әрекеттеріне қатысты бағыттары, сондай-ақ қоғамдық қатынастарға мемлекеттік әсер етудің механизмі. Мемлекеттегі сан алуан мемлекеттердің өздеріне тиісті тұтастай алынған маңызды қасиеттері мен жақтарының жиынтығы және жалпылама ерекшеліктерінің жүйесі.

Мемлекет дегеніміз-қоғамдағы аса маңызды таптық қатынастарды және өзгеде жалпы азаматтық мәселелерді шешуді және орнауды қамтамасыз ететін тарихи қалыптасқан қоғамды ұйымдастыратын бірден-бір жан жақты әмбебап саяси ұйым.

Мемлекеттік билік- еріктілік сипаттамасы бар, мемлекеттік құқықтық институттарда жүзеге асырылатын, тұрақты сипатта қызмет атқарушы және жалпына бірдей міндетті әлеуметтік биліктің түрі.

Мемлекет механизмі- мемлекеттің әрекетінің негізгі бағыттарын жүзеге асыратын, қоғамдық басқаруды жүргізетін, белгілі түрде

ұйымдастырылған, ішкі тұтастығымен және өзара байланыстылығымен сипатталатын мемлекет органдарының жүйесі.

Мемлекеттік аппарат- мемлекеттік экономикалық, саяси, әлеуметтік, идеологиялық қызметтерін жүзеге асыруды тікелей жүргізетін биліктік өкілеттік құзіреті бар органдар жүйесі.

Мемлекеттік орган- мемлекет қызметін жүзеге асыруға көмектесетін мемлекет механизмінің құрылымдық бөлігі болып табылатын, өкімет билігін іске асыруы мекемелер мен жеке лауазымды тұлғалар.

Мемлекеттік қызмет- мемлекеттік мекемелерде заңда көрсетілген тәртіппен қызмет ету.

Н

Нормативтік келісім- субъектілердің өзара мүддесін есепке алуды мүмкін ететін құқықтық қатынастар жүйесін жасайтын, әрі азаматтық қоғамның дұрыс өмір сүруін қамтамасыз ететін, оның субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайтын құқық нысаны болып табылады.

Нормативтік құқықтық акт- референдумда қабылданған не уәкілетті орган немесе мемлекеттік лауазымды адамы қабылдаған, құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе тоқтата тұратын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат.

Нормативтік құқықтық актінің деңгейі- нормативтік құқықтық актінің нормативтік құқықтық актілер сатысындағы өзінің заң күшіне қарай алатын орны болып табылады.

Нұсқаулық- заңдардың қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласында қолданылуын егжей-тегжейлі көрсететін нормативтік құқықтық акт, актісі.

О

Отставка дегеніміз - мемлекеттік саяси қызметшінің тиісті мемлекеттік лауазымдағы міндеттерін атқаруды тоқтатуы, ол оның жазбаша арызы негізінде жүзеге асырылады. Отставканы мемлекеттік саяси қызметшіні осы лауазымға тағайындаған (сайлаған) мемлекеттік орган немесе лауазымды адам қабылдайды немесе одан дәлелді бас тартылады.

Объективті құқық- адам әрекетінің құқықтығы немесе құқыққа қарсылығының өлшемі, практикада жанның заңдық құқықтары мен

міндеттерінің бар жоқтығын анықтаудың заңдық негізі болып табылатын нормалар жүйесінде көрінетін әлеуметтік-нормативтік реттеуші.

Ө

Өкілеттілік-құқық субъектілерінің жеке құқықтары мен хаңы міндеттерінің жиынтығы.

П

Президенттік республика- тікелей халықпен сайлаған мемлекет басшысы бір уақытта үкімет басшысы да болып саналатын,үкіметті Президент парламент келісімі бойынша тағайындайтын және бір өзі тарата алатын басқару нысанының бір түрі.

Парламент - заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган.

Позитивтік құқық(құқық заңдық құбылыс ретінде) еркіндік, сондай-ақ әрекет міндеттілігі мемлекеттік билік күшімен нығайтылады да нормативтік мағынаға ие болады, ресми құжаттарда бекітіледі.

Р

Республика дегеніміз - басқару органдары белгілі бір мерзімге сайланатын, шешім алқалы түрде қабылданатын басқару нысанының бір түрі.

Регламент - қандай да бір мемлекеттік орган мен оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің ішкі тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық акт;

Реттеу, үйлестіру, түзету - бұл саты басқарушылық әсер етудің көзделген жағдайларының өзгеруіне байланысты туындайды.

С

Сызықтық тип - басқарушылық еңбек бөлісу құрылымы «басқару - қызмет ету» формуласы түрінде болады. Саяси лауазымдарға - Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілер, олардың орынбасарлары; Қазақстан Республикасы Парламентінің палаталары және Парламент палаталарының төрағалары тағайындайтын және сайлайтын мемлекеттік саяси қызметшілер, олардың "орынбасарлары; Конституцияға сәйкес Президент пен Үкіметінің өкілдері болып табылатын мемлекеттік саяси қызметшілер; орталық атқарушы органдар мен ведомстволарды басқаратын мемлекеттік саяси қызметшілер (басшылар), олардың орынбасарлары атқаратын лауазымды адамдар жатады.

Саяси режим (тар ауқымдары анықтамасы) - мемлекеттік билікті жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы, оның мазмұндық қасиеті.

Саяси жүйе - белгілі бір елдің саяси өмірін қамтамасыз ететін мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы.

Саяси партия - мемлекеттегі саяси билікке қатысуға немесе билікті басқару, атқару ісіне не болуға ұмтылған идеологиялық орталықтары арқылы ұйымдасқан ерікті одақ.

Саясат дегеніміз-мемлекеттік басқару өнері, қоғамдық таптардың, топтардың, партиялардың мүдделері мен мақсатын көздейтін, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен мемлекеттік басқару органдарының, сол қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық өмірін керсететін қызмет.

Т

Тұлға - басқарудың тұтас, жүйелік объектісі - адамның биологиялық, әлеуметтік және рухани қасиеттерінің органикалық бірлігі.

Тоталитарлық режим - қоғамдық саяси қозғалыспен, саяси партиямен, билеуші элитамен, саяси беделдімен, халық көсемімен қалыптастырылатын бір ресми идеологияның болуымен, мемлекеттің қоғам өмірінің барлық салаларына толық бақылау жүргізуімен сипатталатын авторитарлық режимнің соңғы үлгісі.

Тәртіп дегеніміз - жеке тұлғалардың және заңды ұйымдардың қызметтерінің заңдылыққа сәйкес атқарылуын көрсететін үлгі.

Талқылау тәсілдері - құқықтық актілердің талдау әдістерінің салыстырмалы ерекшеленген жиынтығы.

Теріс қылық - заңда қылмыс деп танылмаған, қылмыспен салыстығанда қоғамдық қауіптілігінің төменділігімен сипатталатын өзге де құқық бұзушылықтар.

Ш

Шешімді орындауды ұйымдастыру - бұл саты мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық мәнімен тікелей байланысты. Бұл сатының мәні өкілетті мемлекеттік органдармен қабылданған шешімдерді дер кезінде және дәл орындауға байланысты ұйымдастырушылық шараларды әзірлеу мен қабылдауда жатыр

Шешімді орындауды бағалау. Басқарушылық циклдің бұл сатысы да маңызды және жауапты болып табылады. Оның тағайындалуы басқарушылық қызметтің анализі және нәтижелерін шығару.

Штат - түсінігі мемлекеттік органдардың құрылымынан бөлінбейді. Органдардың құрылымын олардың бөлімшелерінің жиынтығы реттейді, олардың арасындағы функциялары мен өкілеттігін бөлу берілген органдарға жіктелген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аққасов Б.Қ. Заңгердің кәсіби этикасы. Оқу құралы – Алматы «Жеті жарғы» 2018.
2. Омарова А.Т., Мамытканов Д.К. Әлеуметтік жұмыстың этикалық негіздері. Оқу құралы. – Алматы 2018.
3. Молдабеков Ж., Маханбетова А., Оралбекова А. Кәсіби этика. оқулық.- Алматы 2017.
4. ауд. Б.Мұқанов, Б.Сәбит, Б.Қадылбек [ж.т.б.] Медиаэтика [мәтін]: Media Ethics at Work : жас мамандардың тәжірибесінен / // Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық - Алматы 2018.
5. Г.М. Шеламова. Психология және кәсіби қызметтік этикасы: оқу құралы – Алматы 2015.
6. Г.М. Шеламова. Іскери қатынас әдебі: оқу құралы – Алматы 2018.